

А.Ш. Әбдімомынова¹, Г.Е. Талапбаева¹, К.А. Утегенова¹, А.Б. Алибекова², Э.Т. Темирбекова¹

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан;

²«Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail: aadsh@inbox.ru)

Қазақстан Республикасы өңірлеріндегі өнеркәсіп дамуының ерекшеліктері

Мақалада өңірлерді дамыту бағдарламасының Қазақстан өнеркәсібін дамытудағы мүмкіндігі жинақталған. Авторлар Қазақстанда қалыптасқан өнеркәсіптің шетелдік озық өндірістен техникалық деңгейі, автоматтандыру мен механизация талабы, шикізатты кешендеу мен қайта өңдеу, экологиялық көрсеткіштері мен энергия үнемдеу бойынша көп артта қалғанын атап өтті. Сондықтан өнеркәсіпті жаңарту үдерістерін мемлекеттік реттеудің құралдары қажет. Қазіргі уақытта мемлекет өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметіне жанама түрде әсер етеді. Авторлар өңірлер бойынша шығарылған өнеркәсіптік өнімнің көлемін қарастыра отырып, шаруашылық қызметінің тиімділігі шикізаттар мен материалдарды жеткізу бағытына, сонымен қатар тауарларды өткізу нарығына бірдей деңгейде тәуелді екендігін дәлелдейді. Мақала авторларының ойынша, инновациялық дамудың негізгі мәселелеріне, бір жағынан, инновациялық жобаларды іске асырудағы бизнестің аз қызығушылығын, басқа жағынан – экономиканың нақты секторындағы көптеген кәсіпорындар үшін жаңа технологиялар мен техникаларды әзірлеу және енгізуге қаржылық мүмкіндіктердің жеткіліксіздігін жатқызуға болады. Мемлекеттік басқарудың бұл жақтары жаңарған өңірлік саясат арқылы реттелетін болады. Онда өнеркәсіптің мамандану тәуелділігіне қарай өңірлердің ресурстары мен әлеуеті тиімді шоғырланатындай болуы қажет. Авторлар ұлттық мақсаттары мен келешегіне негізделген өнеркәсіп өндірісі құрылымындағы үдемелі өзгерістерге бағытталған өнеркәсіптік саясат негізін ұсынды.

Кілт сөздер: өңір, өнеркәсіп, бағдарлама, мемлекеттік реттеу, өнеркәсіп саясаты, инновация, инновациялық даму, мамандану, өндіріс көлемі.

Өңірлік дамуды мемлекеттік реттеудің мәні елдің өнеркәсіп дамуының ұзақ мерзімге арналған стратегиясына байланысты. Дегенмен, табиғи, әлеуметтік-экономикалық және тағы басқа өңірлік факторларды толықтай ескере отырып, мемлекеттік өнеркәсіптік саясаттың бағыттарын нақтылауға болады.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы [1] Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» [2] және 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» [3] атты Қазақстан халқына Жолдауларын іске асыру шеңберінде әзірленген болатын.

Сонымен бірге аталған бағдарламалық құжаттарда шектеулі ведомстволық тәсілді көздеп отырып, елді аумақтық кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды сұлбасында тұжырымдалған мемлекеттік өңірлік саясаттың басымдықтарына жеткіліксіз назар аударылғанын мойындаған жөн. Бұдан басқа, қолданыстағы бағдарламалық құжаттарды сыни тұрғыдан талдау оларда көзделген институционалдық және әкімшілік ресурстардың іс жүзінде өзара жеткілікті үйлеспегендігін, көбінесе бір-бірін қайталайтынын анықтады.

Қазіргі уақытта республика кеңістігіндегі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайларының біркелкі болмауы мемлекет тарапынан жүргізілетін өңірлік саясат ерекшеліктерін анықтайды. Мемлекет нарықтық қатынастардың дамуы барысында өндірістік кәсіпорындарға толықтай дербестік бере отырып, олардың шаруашылық қызметіне тікелей араласпағанмен де, жанама түрде (салықтар, экологиялық, монополияға қарсы шектеулер) араласады. Бұл нарық жағдайында өндірістік кәсіпорындардың тиімді қызмет етуінің бір шарты деуге болады. Егер мемлекет өңірлермен дұрыс өзара қарым-қатынас орнатпаған болса, немесе халықтың өмір сүруін қамтамасыз ететін ортасы болып табылатын мемлекеттің барлық аумақтарының дамуы үшін жауапкершіліктен бас тартатын болса, онда жүргізіп жатқан реформалардың оң нәтижеге жеткізбейтіндігі анық. Демек, өңірлердің дамуын мемлекеттік реттеу — бұл олардың дамуының қажетті шарты.

Өңірлерді мемлекеттік реттеудің ерекше бағыты ретінде қарастырылатын өнеркәсіптік саясаттың қазіргі ерекшеліктерін қарастыру оның тиімді жүзеге асуына ықпалын тиігізетін негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан өңірлер дамуындағы қазіргі қалыптасып отырған жағдайды саралау және соған орай өңірлік саясаттың бағыттарын айқындау өзекті мәселеге айналды. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы өңірлерінде шығарылған өндіріс көлемінің 2012–2016 жж. аралығындағы өзгерісін қарастырып көрелік (1-кесте).

Қазақстан Республикасы өңірлеріндегі шығарылған өндіріс көлемі

Өңірлер	2012 ж., млн тг	2013 ж., млн тг	2014 ж., млн тг	2015 ж., млн тг	2016 ж., млн тг	2016/2012 жж. өзгерісі, %
Астана қаласы	214 690	276 217	344 684	389 132	426 931	199
Жамбыл	206 848	233 946	279 346	283 950	339 113	164
Оңтүстік Қазақстан	496 768	552 558	604 001	670 407	776 755	156
Ақмола	270 882	291 655	312 106	335 402	420 685	155
Солтүстік Қазақстан	125 889	150 398	161 201	166 904	191 747	152
Шығыс Қазақстан	965 715	998 701	1 115 635	1 021 779	1 437 327	149
Қарағанды	1 336 115	1 324 735	1 443 970	1 416 672	1 895 724	142
Алматы	516 492	588 507	553 495	561 874	645 338	125
Қостанай	502 029	530 474	544 413	443 082	600 111	120
Алматы қаласы	584 591	641 043	738 948	662 981	693 546	119
Павлодар	1 202 392	1 334 756	1 110 598	1 044 224	1 369 684	114
Атырау	4 194 587	4 614 217	4 915 039	3 442 882	4 433 074	106
Батыс Қазақстан	1 638 474	1 659 662	1 839 822	1 302 068	1 620 048	99
Ақтөбе	1 316 171	1 285 682	1 243 377	1 014 433	1 202 724	91
Маңғыстау	2 170 796	2 187 307	2 330 149	1 568 683	1 861 226	86
Қызылорда	1 109 337	1 164 136	994 991	600 757	645 181	58
Қазақстан Республикасы	16 851 776	17 833 994	18 531 775	14 925 230	18 559 213	110

Ескерту. Авторлармен [4] негізінде құрастырылған.

Кесте мәліметтері көрсеткендей, соңғы жылдары Астана қаласы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында өндіріс көлемі 50 % жоғары көтерілген. Керісінше, Ақтөбе, Маңғыстау және Қызылорда облыстарында өндіріс көлемінің төмендегенін байқауға болады.

Елдің өңірлік дамуының маңызды стратегиялық мәні бар. Орасан зор және адамдар сирек қоныстанған аумағы бола тұра Қазақстанда өңірлер арасында дамуда біршама теңгерімсіздік бар. Қазақстан Республикасы өңірлерінің экономикалық даму деңгейлерін салыстыру, бір жағынан, аса ірі агломерациялар (Астана, Алматы) мен негізгі мұнай өндіруші өңірлердің және, екінші жағынан, елдің қалған өңірлерінің арасындағы жалпы өндірілген өнім жан басына шаққандағы көрсеткіштерінің айтарлықтай айырмашылығын көрсетеді.

Белгілі бір өңірдің өндірістік шаруашылық жүйесінің даму бағытын қарастыра және анықтай отырып, аумақтардың ұйымдастырушылық-экономикалық, табиғи-ресурстық әлеуетінің барлық ұлғаюшы мәндеріне назар аудару қажет, бұл Қазақстан өңірлерінің өндірістік әлеуетін жеткілікті тиімді пайдаланумен жаңа инновациялық тауарлар мен қызметтер өндірісінің жылдам ұйымдастырудың мүмкіндігін береді.

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасында бірыңғай экономикалық кеңістіктегі интеграциялық процестерді тереңдету жағдайларында және Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге байланысты бірқатар маңызды проблемаларды шешуге назар аудару керектігі көрсетілген, олар:

– салалық мемлекеттік органдар, бизнес-қоғамдастықтар мен өнеркәсіп тарапынан стандарттауға тиісті назар аударылмауы;

– ұлттық стандарттарды халықаралық стандарттармен үндестірудің әлсіз қарқыны;

– соңғы өнім шығаруға байланысты инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуын талдау мен болжаудың болмауы;
 – сынақ базалары мен сертификаттау орталықтары жүйесінің жеткіліксіз болуы;
 – Қазақстанның батыс және орталық өңірлеріндегі метрологиялық инфрақұрылымның кенже қалуы;
 – техникалық реттеу, метрология және менеджмент жүйесі саласындағы кадрлардың тапшылығы [5].

Әрине, өңірлердегі өнеркәсіптің дамуын реттеу жаңа инновациялық технологияларды қолданумен тығыз байланысты. Шаруашылық күштерінің даму деңгейі мен көрсеткіштері өндіріс күштерінің даму дәрежесі өңір дамуының бағыттарын көрсетеді. Нарықтық экономикаға кең көлемде өту барысында Қазақстанның әр облысы жаңа жағдайларға икемделіп, қандай да бір жолдармен әлеуметтік тығырлықты мәселелерден шығып, өндіріс құлдырауын тоқтату үшін экономикалық дамудың өзіндік үлгілерін дайындауға талпынды. Сондықтан Қазақстан Республикасының өңірлері жалпы өндіріс көлемінде өз үлестерін иемденді (2-кесте).

2 - к е с т е

Қазақстан Республикасы өңірлерінің өнеркәсіптік өндіріс көлеміндегі үлестері, %

Өңірлер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Атырау	24,9	25,9	26,5	26,5	23,9
Қарағанды	7,9	7,4	7,8	7,8	10,2
Маңғыстау	12,9	12,3	12,6	12,6	10,0
Батыс Қазақстан	9,7	9,3	9,9	9,9	8,7
Шығыс Қазақстан	5,7	5,6	6,0	6,0	7,7
Павлодар	7,1	7,5	6,0	6,0	7,4
Ақтөбе	7,8	7,2	6,7	6,7	6,5
Оңтүстік Қазақстан	2,9	3,1	3,3	3,3	4,2
Алматы қаласы	3,5	3,6	4,0	4,0	3,7
Қызылорда	6,6	6,5	5,4	5,4	3,5
Алматы	3,1	3,3	3,0	3,0	3,5
Қостанай	3,0	3,0	2,9	2,9	3,2
Астана қаласы	1,3	1,5	1,9	1,9	2,3
Ақмола	1,6	1,6	1,7	1,7	2,3
Жамбыл	4,9	1,3	1,5	1,5	1,8
Солтүстік Қазақстан	0,7	0,8	0,9	0,9	1,0
Қазақстан Республикасы	100	100	100	100	100

Ескерту. Авторлармен [4] негізінде құрастырылған.

Қазақстан Республикасындағы Атырау, Қарағанды және Маңғыстау облыстарына өнеркәсіп өндіріс көлемінің 40 % жоғары үлестері тиесілі. Атырау және Маңғыстау өңірлері мұнай мен газ өндірісі бойынша маманданған болса, Қарағанды өңірінде кара және түсті металлургия өндірісі кеңінен дамыған.

Атырау, Шығыс Қазақстан облыстарының табиғи ресурстарға, яғни мұнайға, табиғи газға, металдарға бай болуына байланысты аталған өңірлердің жалпы өндірілген өнімі елдің жан басына шаққандағы жалпы ішкі өндірісінен жоғары. Алайда бұл өңірлерде бәсекеге қабілетті соңғы өнім мүлдем жоқ. Бұдан басқа Қазақстан мұнайы мен металдары басқа көптеген елдердің мұнайымен және металдарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетсіз болып келеді, бірақ олар әлемдік нарықта

сұранысқа ие. Жалпы ішкі өнім өндірісінің құрылымы өңірлік сәйкессіздіктермен, ел аумағы бойынша өндірістік күштерді орналастырудың әркелкілігімен және өңірлерді дамытудың әр түрлі деңгейімен айқындалады.

Өңірлер арасындағы өнеркәсіптің дамуы, бір жағынан алғанда, экономикалық белсенділік деңгейімен байланысты. Әлеуметтік даму салыстырмалы түрде дербестікке ие бола отырып, айтарлықтай дәрежеде ресурстық мүмкіндіктермен анықталады, олар, өз кезегінде, экономикалық даму деңгейіне байланысты. Екінші жағынан, нарықтық шаруашылықтың әлеуметтік жағдайға зиянын тигізе отырып, тек қана экономикалық басымдыққа біржақты бейімделуі нарықтық экономиканың және тұтас мемлекеттің дамуына қауіп туғызады. Сондықтан өнеркәсіптің дамуын реттеу кезінде әлеуметтік және экономикалық құраушыларының тепе-теңдігі қажет.

Мемлекеттегі әрбір өңір өзімен-өзі жеке дами алмайды, себебі басқа өңірлердің даму барысына зиянын тигізбес үшін оның ерекшеліктерін де ескеруі тиіс. Сондықтан да экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесіндегі өнеркәсіптік саясаттың маңызы ерекше бола түседі. Мемлекет әрбір өңір үшін бағдарлама жасап, сол бойынша өңірлер өзінің даму бағытын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасында өңдеуші өнеркәсіптің мамандандырылуы қажеттілігі өңірлер бойынша топтастырылып, оларға тиесілі стратегиялық салалар анықталған (3-кесте).

3 - кесте

Қазақстан Республикасы өңірлерінің өндіріс салалары бойынша мамандануы

Р/с №	Өндіріс салалары	Өңірлер
1	Тұтыну өнімдерінің өндірісі	Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысытары, Астана қаласы, Алматы қаласы
2	Құрылыс материалдарының өндірісі	Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облысытары, Астана қаласы, Алматы қаласы
3	Түсті және қара металлургия	Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан облысытары
4	Темір жол, автокөлік және ауыл шаруашылық көліктерін шығару	Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысытары, Астана қаласы
5	Мұнай және газ өнімдерін шығару мен өңдеу	Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар облысытары, Алматы қаласы
6	Өнеркәсіп үшін машиналар мен жабдықтар шығару	Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облысытары, Алматы қаласы
7	Электр жабдықтарын шығару	Алматы облысы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысытары, Астана қаласы, Алматы қаласы
8	Фармацевтикалық өнімдер өндірісі	Алматы, Оңтүстік Қазақстан облысытары, Алматы қаласы

Авторлармен [5] негізінде құрастырылған.

Ұсынылған кестеде кеңейтілген өңірлік мамандану көрсетілген, олар бойынша инновациялық даму болашағының алғышарттары қалыптастырылған. Бүгінгі күнде Қазақстан экономикасының ерекше салаларына келесілер жатқызылады: тұтыну өнімдерінің өндірісі, құрылыс индустриясы, машина құрылысы, металлургия және металды өңдеу, мұнай және газ өнімдерін шығару, электр жабдықтарын шығару және фармацевтикалық өнімдер өндірісі.

Сәйкесінше, Қазақстан экономикасының өсімі машина құрылысының үдемелі өсімімен қатар жүргізілуі тиіс. Бұл өнеркәсіптік кәсіпорындарда механикаландырылудың деңгейін жоғарылатуға және республиканың экономикасының салаларында еңбек өнімділігін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Болашақ кезеңде саланың дамуының негізгі міндеті — жоғарғы технологиялы өнім өндірісінің өсімін және сыртқы нарықтарға оның экспортын ұлғайтуын қамтамасыз ететін, жоғарғы қосылған құнмен өнімнің шығарылуымен байланысты металлургиялық өнеркәсіптің жаңа қайта өңдеуші өндірістерін құру, сонымен қатар ішкі нарықтық қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының құрылым индустриясы экономиканың қарқынды дамушы салаларының бірі болып табылады. Бұл елдегі құрылыс-монтаждық жұмыстарының жыл сайынғы ұлғаю көлемімен, кеңінен тараған пайдалы қазбалардың ауқымды көлемінің болуымен, құрылыс материалдарының өндірісі бойынша ірі компаниялардың қызмет етуімен байланысты болып табылады.

Қазақстан өңірлеріндегі өнеркәсіп дамуының кешені қазіргі уақыттағы дүниежүзілік деңгейде жаһандану үдерісінде жолсерігінің бірі болуға қабілетті, маңызды компоненті ретінде ақпарат секторына кіретін заманауи нарық инфрақұрылымы жағдайына мұқтаж. Қазақстанды ішкі дамытуға да, интеграциялық үдерістің жылдамдығы мен кеңею үшін де, соның ішінде халықаралық нарықта сыртқы сауда қызметін қарқындандыруы арқасында толық масштабты ақпаратпен қамтамасыздандыру қажет. Ақпараттық жүйелердің болуы және шаруашылық субъектілеріне сыртқы экономикалық қызметі қатысушыларын қоса, еркін қолжеткізу дүниежүзілік нарықта қажетті бір табысты жұмыс шарты ретінде экономикалық жүйе бәсекелестігін арттыру үшін ақпарат көзіне алғышарттар жасайды.

Өңірлердегі өнеркәсіптің өркендеуі бағдарламалы жүйеде дамымай отыр, сөйтіп, керекті мәліметтерді іздеу барысында компаниялар мен өндірістердің шығыны өсіп кетеді, өңдеу мен жаңа тауарлар шығару үшін сенімсіз мәліметтерді алынуымен байланысты қауіп-қатерлер жоғарылауы мүмкін. Өнеркәсіп осымен қатар ескірген толық емес мәліметтермен, оның сәйкестігінің шындыққа жанасуымен бетпе-бет келеді. Дәл сол кезде мәліметтік база неғұрлым анық, дәл болса, соғұрлым анық, бағалы және нәтижелі болжамдық ықтималдылығы болады.

Қазақстанда индустриялық мәліметтердің жоқтығынан отандық компаниялар мен кәсіпорындардың өз мәліметтері арқылы модельдер мен сызбалар жасауына тура келеді. Мұндай мәліметтік база кәсіпорындардың өздерінше ноу-хауы болып саналады, және олар ол мәліметтерімен айналадағы қызығушы басқалармен бөліскісі келмейді.

Мәліметтік базаның дамуы аясында қазақ кәсіпорындарының басқа бөлігі қызығуда, олар өздері туралы мәліметтердің (ұйымдастыру құрылымы, бизнес түрлерінде, қаржыда, есептік-кредиттік сипаттамалары операцияларын және тағы сол сияқтылар) елеулі шығарылымдарға және рейтингтерге түскенін қалайды. «Ашықтық» дәрежесі олардың шаруашылық өтілімдері оларға бизнестегі сенімді серіктестер мен сыртқы сауда келісімдеріне, өндірістік кооперацияларға жол ашады.

Сөйте тұра, Қазақстанда мәліметтік жүйенің жоқтығы, басқы топтар мен фирмалардың қалыптасуына алып келеді, олар серіктестері мен бәсекелестерінен мәліметтерді алуды жөн көріп, негізсіз сыбыстармен кәсіпкерлік салада кішкене де болса қаржыландыруға, қаржылық жағдайын жасауға, келісімге келуге әрекет жасайды. Негізсіз мәліметтерді қолдану, бір жағынан, пайдасы болғанымен, саудалық мәмілелерде базистік келісім бойынша айтарлықтай шығын әкелуі ықтимал. Қазақстан өңірлерінде мәліметтендірілген ортаны қалыптастыру мәселесін шешу үшін тек қана материалды-техникалық және қаржылық шығындар жеткіліксіз, сонымен қатар мемлекетпен ойластырылған басқарманы барлық деңгейін қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында мәліметтік аумақ қажет.

Өңірлердегі өнеркәсіптік саясатты нақты қалыптастыру үшін еліміздің кеңістікті айырмашылық себептерін көрсету қажет. Оларға жататындар төмендегілер:

- еліміз өңірлерінің табиғи-климаттық жағдайының айырмашылығы;

- өңірлердің өнімділігін анықтайтын табиғи ресурстарды пайдалану бағыты, саласы және ауқымы. Бұл фактор тек ауылшаруашылық, сондай-ақ пайдалы қазбаларды игеру ғана емес, өнеркәсіпті орналастыру жағдайына және халықтың өмір сүру жағдайын ұйымдастыруға да әсер етеді;

- өңірдің орналасуының «күрделі» жағдайы, соның әсерінен шығындар артып, бағаның өсуі туындайды. Бұл өңірдің көлік және байланыс қызметтерінің дұрыс дамымауына, оның экономикалық даму деңгейіне ықпал етеді;

– өндірістің ескі құрылымын қолдану әсерінен инновация енгізу жағынан артта қалуы;
– институционалдық фактор: жалпы және өңірлік саясаттың нысандары, саяси жағдайы, аймақтың даму тарихы және тағы басқалар;
– орналастырудың физикалық факторлары: аэропорт, көлік жүйесі, өндірістік аландардың бар болуы немесе жоқ болуы, байланыс жүйелерімен қамтамасыз етілуі, өндірістік инфрақұрылым;
– әлеуметтік-мәдени факторлар: урбанизация деңгейі, халықтың білім деңгейі, ғылыми орталықтардың бар болуы және тағы басқалар.

Сонымен, қазіргі уақытта өңірлік саясат біршама өзгермелі болып келеді. Әрбір өңірдің ерекшеліктеріне қарай, кейбір өңірде мемлекет тарапынан нарықтық экономиканың қалыптасуы үшін жалпы құқықтық режимді қолдау жеткілікті болса, басқасында экономикалық белсенділікті ынталандыру қажет, келесі біреуінде, аймақтық экономикаға экономикалық және әкімшілік әсер ету әдістері қажет. Өнеркәсіптік саясат, еліміздің және оның жекелеген аймақтарының экономикалық жағдайын қамтамасыз етуге және қойылған мақсаттарға жетуді көздейтін мәселелерді шешуге бағытталуы тиіс. Ал, өңірлік саясаттың мәні жалпы ұлттық мақсаттарға жету үшін өнеркәсіпті дамытуды тиімді басқару болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №728 Қаулысы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000728>.
- 2 «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. — 2012 жылғы 14 желтоқсан. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>.
- 3 Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. — 2014 жылғы 11 қараша. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda.kz/kz/addresses/kazakhstan-respublikasynun-prezidenti-nazarbaevtyyn-kazakistan-halkyna-zholdauy-2014-zhylygy-11-karasha>.
- 4 Қазақстан және оның өңірлерінің өнеркәсібі. — Астана: Статистика комитеті, 2016. — 145 б. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: www.stat.gov.kz.
- 5 Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы №874 Қаулысы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000874>.

А.Ш. Абдимомынова, Г.Е. Талапбаева, К.А. Утегенова, А.Б. Алибекова, Э.Т. Темирбекова

Особенности развития промышленности в регионах Республики Казахстан

В статье обобщены возможности программы развития регионов в развитии промышленности Казахстана. Авторами отмечено, что по техническому уровню, уровню автоматизации и механизации, комплексности и глубине переработки сырья, экологическим показателям и энергоёмкости имеющиеся производства Казахстана заметно отстают от передовых производств за рубежом, поэтому необходимы инструменты государственного регулирования процессами модернизации промышленности. Подчеркнуто, что в настоящее время государство косвенно влияет на деятельность промышленных предприятий. Рассмотрен объём выпущенной промышленной продукции по регионам. Доказано, что эффективность хозяйственной деятельности зависит в равной степени как от каналов поставок сырья и материалов, так и от наличия рынков сбыта. Отмечено, что основной проблемой инновационного развития является, с одной стороны, слабая заинтересованность бизнеса в реализации инновационных проектов, с другой — недостаточность финансовых и иных возможностей для разработки и внедрения новейших технологий и техники для многих предприятий реального сектора экономики. Эти аспекты государственного управления будут регулироваться обновлённой региональной политикой, которая должна быть способной оптимально мобилизовать ресурсы и потенциал регионов в зависимости от специализации промышленности. Авторами предложены основы промышленной политики, направленной на прогрессивные изменения в структуре промышленного производства в соответствии с выбранными национальными целями и приоритетами.

Ключевые слова: регион, промышленность, программа, государственное регулирование, промышленная политика, инновация, инновационное развитие, специализация, объём производства.

A.Sh. Abdimomynova, G.E. Talapbayeva, K.A. Utegenova, A.B. Alibekova, E.T. Temirbekova

Features of industrial development in the regions of the Republic of Kazakhstan

The article summarizes the possibilities of the program for the development of regions in the development of Kazakhstan's industry. The authors note that according to the technical level, the level of automation and mechanization, the complexity and depth of processing of raw materials, environmental indicators and energy intensity, the existing production of Kazakhstan lag markedly behind advanced production abroad. Therefore, tools for state regulation of industrial modernization processes are needed. At present, the state indirectly affects the activities of industrial enterprises. The authors, considering the output of industrial products by region, argue that the efficiency of economic activity depends equally on the channels of supply of raw materials and materials, and on the availability of markets. In the opinion of the authors of the article, the main problem of innovative development is, on the one hand, the weak interest of business in the implementation of innovative projects, on the other hand, the lack of financial and other opportunities for developing and introducing the latest technologies and equipment for many enterprises in the real sector of the economy. These aspects of public administration will be governed by a renewed regional policy that should be able to optimally mobilize the resources and potential of regions depending on the specialization of industry. The authors proposed the basics of industrial policy aimed at progressive changes in the structure of industrial production in accordance with selected national goals and priorities.

Keywords: region, industry, program, state regulation, industrial policy, innovation, innovative development, specialization, production volume.

References

- 1 Onirlerdi damytudyn 2020 zhylyha deiinhi bahdarlamasyn bekitu turaly. Kazakstan Respublikasy Ykimetinin 2014 zhylyhy 28 mausymdahy № 728 Kaulysy [Program for the development of regions until 2020. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan of June 28, 2014, No. 728]. *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000728> [in Kazakh].
- 2 «Kazakstan – 2050» Stratehiiasy: kalyptaskan memlekettin zhana saiasi bahyty. Kazakstan Respublikasy Prezidenti – Elbasy N.A.Nazarbaevtyñ Kazakstan khalkyna Zholdauy [Strategy «Kazakhstan – 2050»: a new political course of the state. Message of the President of the Republic of Kazakhstan-Leader of the Nation N.A. Nazarbayev of Kazakhstan]. (2012, 14 December). *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> [in Kazakh].
- 3 Nurly zhol – bolashakka bastar zhol. Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N.Nazarbaevtyñ Kazakstan khalkyna Zholdauy [Nurly Zhol — the way to the future. Message of the President of the Republic of Kazakhstan — Leader of the Nation N.A. Nazarbayev of Kazakhstan]. (2014, 11 November). *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://www.akorda.kz/kz/addresses/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nazarbaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylygy-11-karasha> [in Kazakh].
- 4 Kazakstan zhane onyn onirlerinin onerkasibi [Industry of Kazakhstan and its regions]. (2016). Astana: Committee on Statistics. Retrieved from www.stat.gov.kz [in Kazakh].
- 5 Kazakstan Respublikasyn industriialyk-innovatsiialyk damytudyn 2015–2019 zhyldarha arnalhan memlekettik bahdarlamasyn bekitu turaly. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2014 zhylyhy 1 tamyzdahy № 874 Kaulysy [On approval of the State program of industrial and innovative development of the Republic of Kazakhstan for 2015-2019. Decree No. 874 of the President of the Republic of Kazakhstan of August 1, 2014]. *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000874> [in Kazakh].